

Қарлығаш (лат. *Hirrundinida*  
*e*) — торғайтәрізділер отряд  
ы, әнші торғайлар тобының  
тұқымдасы

Арктика мен Антарктидадан басқа аймақтарда кеңінен таралған, 20 туысқа бірігетін 79 түрі бар.

Қазақстанда 5 түрі (жар қарлығашы, құз Қарлығашы, қосреңді Қарлығаш, секпілтөс Қарлығаш, кент Қарлығашы) кездеседі.

Қарлығаштың тұмсығы қысқа, тұмсығының түбі кең, езулерінің арасы алшақ. Қанаттары жіңішке әрі ұзын. Дене бітімі ерекше сымбатты. Саусақтары қысқа, әрі әлсіз, жерде жүруі ебедейсіз. Қ-тың қауырсыны тығыз, жотасы қара түсті жылтыр. Сыртқы түрінен еркегі мен ұрғашысының айырмашылығы байқалмайды. Дене тұрқы 9—23 см, салм. 10—60 г.

Қарлығаш өте жақсы ұшады, тіршілігінің көп уақытын ауада ұшып жүріп өткізеді. Су үстінен ұшып бара жатып-ақ су іше береді. Ұшып жүріп қорегін ұстап жейді.

Қарлығаш ұясын саз балшықтан сілекейімен араластырып бекем етіп жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне, кейде ағаш басына да салады. Ұясы жарты ай немесе түбі кең, аузы тар құмыра пішінді. Ұясының түбіне қауырсыннан, т.б. заттардан жұмсақ төсеніш жасайды.













## Қарлығаштың түрлері

Кент  
қарлығашы



Қосреңді ауыл  
қарлығашы



Жар  
қарлығашы



Құз қарлығашы



Секпілтөс  
қарлығаш







Жыландар жылына 2 – 4 мәрте түлейді. Сыдырық (жыланның түлеген эпидермис қабығы) тұтастай түседі.





Жыландар Жер шарына кең тараған (тек Антарктидада ғана кездеспейді), 3 мыңға жуық түрі белгілі. Олар 12 тұқымдасқа бірігеді. Ең көбі – сарыбас жыландар, олардың 1500-дей түрі бар.



Қазақстанда 5 тұқымдасқа жататын:

- соқырлар тұқымдасы (1 түрі),
- айдаһарлар тұқымдасы (2 түрі),
- сарыбас жыландартәрізділер (12 түрі),
- сұржыландар (2 түрі),
- бозша жыландардың (1 түрі) 18 түрі белгілі.

Жыландардың көпшілігі құрлықта, әдетте, қалың шөп өскен жерлерде, ағаш басында, шөлді аймақтарда, кейбір түрлері тұщы сулар мен теңіз-мұхиттарда тіршілік етеді.

Тышқантәрізділермен, бақалармен, омыртқасыздармен н қоректенеді. Жылына бір рет көбейеді. Көпшілік жыландар жұмыртқа (қарашұбар жыландар, гюрзалар, т.б) салады, ал кейбіреулері (сұржыландар, бозша жыландар, т.б.) тірі туып көбейеді. Жеке дара немесе топтанып (мысалы, сұржыландар) қыстайды. Топтанып қыстайтын түрлерін халық «ордалы жыландар» деп атайды. Жылан зиянды кеміргіштер, моллюскілер және жәндіктермен қоректеніп пайда да келтіреді. Кейбір түрлерінің терісі әсемдік бұйымдар, еті тамақ жасау үшін, ал уы медицинада қолданылады

Мысырлықтар жылан уынан түрлі дәрі-дәрмектерді жасауды ерте кезден білген. Қазіргі уақытта Мысырдағы Суэцк университетінде ұзақ, қажырлы еңбекпен жылан уының химиялық құрамы зерттеліп, таңғаларлық жаңалықтар ашылды. Жылан уынан жасалған дәрімен **рақты**, [қант диабетін](#) емдеуге, **қан тоқтатуға**, **қан қысымын** қалыпқа келтіруге болады екен.

**Дәуіт** – жыртқыш жәндіктер қатарының бірі. Дәуіттің басы қозғалысқа өте икемді, денесі ұзынша (40 – 75 мм), жасыл, сары, қоңыр түсті. Ал жазда өсімдіктің маусымдық өзгеруіне байланысты түсі құбылып тұрады. Қос қанатты, алдыңғы екі аяғы жемін қармауға икемді келеді. Қазақстанның барлық облыстарында 20-дай түрі, әсіресе, кәдімгі дәуіт, теңбіл қанатты дәуіт, қауырсын тұмсықты эмпуза жиі кездеседі. Дәуіттер шала түрленіп дамиды, олардың қыстаған жұмыртқасы көктемге салым қанатсыз дернәсілге айналады да, 7 – 8 рет түлейді.

Дәуіт түрлі ұсақ жәндіктермен қоректенеді. Олар ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктермен қоректенетін болғандықтан пайдалы, бірақ кейбір түрі бал арасынан, пайдалы қоңыздарды жеп, зиян да келтіреді.

Түсі қорғанысты жасыл, сары-қоңыр; жазда өсімдіктің солуына байланысты түсін өзгертеді.



## **Ақтеңбіл дәуіт**

**Ақтеңбіл дәуіттің дернәсілі 85 күнде  
147 жоңышқа бітесін, 41 жеміс шыбынын,  
266 бөлме шыбынын қорек еткен.**









Қолын кеудесіне жиып, құдайға құлшылық жасап тұрған сияқты көрінетіндіктен, Дәуітті орысша БОГОМОЛ деп атаған екен

«Дәуіт» деген атау ескі аңыз-әпсаналарда көбіне темір ұстаның пірі – **Дәуіт пайғамбардың** есімімен тығыз байланысты айтылады. Мысалы, Дәуіт пайғамбардың тұсында **Ғайдуна** деген қаланы ордалы жылан қаптап кетеді, тіпті оның көптігі сонша аяқ басар жер қалмайды. Жыланмен күресуге шамасы келмеген патша елінің ақсақалдарын жиып алып, олардан қалай құтылудың жолын сұрайды. Сонда қариялардың бірі Дәуіт пайғамбардан көмек сұрауды өтінеді. Дәуіт пайғамбарға хабаршы жіберіп, болған жайды хабарлайды. Дәуіт пайғамбардың негізгі кәсібі ұсталық екен. Ол кеудесіндегі жейдесінен бір түймені үзіп алып төске қойып үш рет ұрғанда түйменің ұсақ бөлшектерінің бәрі де дәуітке айналып кетіпті. Осы жәндікті Дәуіт пайғамбар келген хабаршыға бере отырып, оларды қалаға кіргенде босатып жібер депті. Солай істеген кезде дәуіттер тез арада жыландардың көздерін алдыңғы аяқтарымен ойып, қаланы ордалы жыландан тазартқандықтан Дәуіттің жәндігі – «дәуіт» деп аталып кетіпті.